

**Дүниежүзілік тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі күнін өткізу бойынша
Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық үйлестіру
кеңесі мүшелерінің онлайн кеңесінің отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

№14

14.05.2026, 15.00

Төрағалық еткен: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау басқармасының басшысы Садубаева Ә.Н.

Модераторы: Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Кодекс байланыс орталығының басшысы, м. ғ. д., профессор Н.М.Қарсыбекова

Қатысқандар: тізімге сәйкес (тізім қоса беріледі).

Күн тәртібі:

1. 2026 жылы ДТҚК мерекесі. 2026 жылдың тақырыбы.
*Ұлттық Кодекс байланыс орталығының басшысы, м. ғ. д., профессор
Н.М.Қарсыбекова*
2. Қазақстанда ДТҚК 2021-2025 жылдарда өткізу тәжірибесі.
м.ғ.к. Толысбаева Ж. Т.
3. 2026 жылы ДТҚК өткізу бойынша Brainstorming
Отырысқа қатысушылар

Төраға:

Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің мүшелерімен амандасты.

1. Баяндамашы м.ғ.д., профессор Н. М. Қарсыбекова Дүниежүзілік тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі күнін (ДТҚК) өткізу тақырыбын ұсынды – «Мәселелерден шешімге дейін - барлық жерде қауіпсіз тамақ». Сондай-ақ, Кодекс Алиментариус хатшылық ұсынған ағымдағы жылға арналған ұрандармен таныстырды.

2. Бұдан әрі м.ғ.к. Ж.Т.Толысбаева отырысқа қатысушыларды ДТҚК-не арналған өткен жылдары (2021-2025 жж.) өткізілген іс-шаралар туралы хабардар етті.

3. Қатысушыларға 2026 жылы ДТҚК өткізу нысандары туралы идеялармен алмасу ұсынылды.

Кодекс Алиментариус мәселелер жөніндегі Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің (КАВУК) мүшесі Аутелеева Л.Т. қатысушыларды тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі тақырыбы бойынша жас ғалымдар форумын өткізуге Дүниежүзілік азық-түлік қорына өтінім беру туралы хабардар етті. Профессор Б.С. Майқанов азық-түлік тізбегінің барлық буындарындағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мәселелерін айтуды ұсынды. Әрі қарай өткізу формасы мен өткізу тұжырымдамасы талқыланды. Профессор Карсыбекова Н.М. өткізудің цифрлық форматын ұсынды - тамақ қауіпсіздігін сақтаудағы рөлін көрсете отырып, тамақ тізбегі буындарының әртүрлі өкілдерінің қатысуымен бейнероликтер дайындау. ҚР ДСМ СЭБК техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау басқармасының басшысы А.Н. Садубаева ҚР ДСМ СЭБК аумақтық бөлімшелеріне ДТҚК 2026 тақырыбына сәйкес бейнероликтер дайындау тапсыруды ұсынды.

Шешілді:

1. ДТҚК 2026 тақырыбына сәйкес тамақ тізбегіне қатысушылармен ұзақтығы 2-3 минуттан аспайтын бейне түсіру – «Мәселелерден шешімге дейін - барлық жерде қауіпсіз тамақ».



2. Тамақ тізбегінің әртүрлі буындары өкілдерінің: ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер, тамақ өнімдерін өндірушілер, мемлекеттік органдар, сауда секторы, ғылыми және білім беру мекемелері, тұтынушылар қатысуымен бейнероликтер түсіруге бірыңғай тәсіл әзірлеу.

3. Бейнероликтерді әзірлеу бойынша шаблондар-нұсқаулықтарды түсіруді ұйымдастыру үшін СЭБК аумақтық бөлімшелеріне (фермерлік қожалықтар, тамақ өнімдерін өндірушілер, мемлекеттік органдардың мониторингі, зертханалық сараптама, сауда секторы, ғылыми және білім беру мекемелері, тұтынушылар) жіберу.

4. Әлеуметтік желілерде, аумақтық бөлімшелердің сайттарында, кәсіби интернет-платформаларда тамақ тізбегінің әртүрлі буындары өкілдерінің қатысуымен дайын бейнероликтерді трансляциялау.

Басқарма төрағасы

Хатшы

Садубаева Ә.

Толысбаева Ж.

**Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық
үйлестіру кеңесінің отырысына қатысушылардың тізімі**

2026 жылғы 14 мамыр

№	ФИО, должность
1	Ә.Н. Садубаева - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау басқармасының басшысы
2	Н.М. Қарсыбекова - Ұлттық Кодекс байланыс орталығының басшысы, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің ғылыми менеджмент және халықаралық ынтымақ секторының меңгерушісі
3	Г.К. Есдаулетова – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау басқарманың бас сарапшысы
4	Б.А. Сакенова - Ә.Серікбекова – «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Агроөнеркәсіп кешені және тамақ өнеркәсібі департаментінің сарапшысы
5	Б.С. Майканов - «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Ветеринариялық санитария кафедрасының профессоры
6	Л.Т. Аутелеева - «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Ветеринарлық санитария кафедрасының қауымдастырылған профессоры
7	А.Б. Салханова– «Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС Вице-президенті
8	Б.У. Байхожаева –Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының меңгерушісі
9	Ж.Т. Толысбаева - КАВҮК хатшысы, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің ғылыми менеджмент және халықаралық ынтымақ секторының маманы
10	З.Ф. Шарипов – ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің ғылыми менеджмент және халықаралық ынтымақ секторының маманы
11	Ж.Т. Джусиева – ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің маманы

12	М.С. Кайракбаева– ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақ департаментінің маманы
----	---